

## **2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі**

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысын үйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкаға салынды. Олар:

1. «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заны,
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны;
4. ҚР БФМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері,
5. ҚР БФМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы,
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы;

2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оқу-тәрбие процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа алынды.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**  
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел біrlігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абырайлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұрага ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

### **Күтілетін иетижे:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отанышыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және үлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Эр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жана шыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ұлттық мұдде, ар-ұят, талап.**

**Ұлттық мұдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам иғлігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отанышыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздердің ділі
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық миравы, мәдениетті дәріптейті

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғашштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығынсақтайты;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Коршаған орта тазалығын сақтайты;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Іздеміпаз, жасампаз тұлға.

Ұлттық мұдде, ар-ұят, талап құндылықтар оқу пәндерінің мазмұны, іс-шаралар, сыныптан тыс жұмыстар мен қосымша білім беру (секция, факультатив) арқылы мектебіміздің барлық тәрбие жұмысы жүзеге асырылады.

### **«Ұлттық мұдде» құндылығына сай өткізілген іс шаралар:**

Ақсу негізгі мектебінде 2023-2024 жаңа оқу жылдарының 1 қыркүйек - Білім күніне орай «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жынын өткізілді. Мектеп директоры Нургалиева Жамиля Есімқызы мектеп ұжымын, ата-аналарды, 1 сынып бүлдіршіндерін құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Абишева негізгі білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылдарының басталуын және каникул кезеңдер айқындау туралы бұйрығымен таныстырып өтті.

Салтанатты жынынға зейнеткер ұстаз Есімсентова Ляззат Саттарқызы 1 сынып оқушыларын Білім күні мерекесімен құттықтады.

Мектебіміздің өнерлі оқушылары «Алғашқы қоңырау», «Ұстазым», «Мектебім» атты әндерін тамылжыта орындағы.

Сонымен қатар 1-9 сыныптарында «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбында бірынғай сынып сағаты өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/sA4ojwqCB8fawjgL/?mibextid=oFDknk>

1 қыркүйек күні “Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық” тақырыбынды 5-7 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының мақсаты, балаларды еңбексүйгіштікке, отанды суюге, құрметтеуге насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/p/NpJuHSP4DauupzgL/?mibextid=oFDknk>

5.09.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша "Менің ұстазым" айдары аясында математика пәні мұғалімі Ақпаев Н.Е-ден сұхбат алынды.

<https://www.facebook.com/share/v/pYeACRhfWNw9wAX9/?mibextid=oFDknk>

5.09.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша "Медицина мамандарымен кездесу" ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/6dxRH22jMs5LYgb/?mibextid=oFDknk>

8-қыркүйек "Отбасы күні" мерекесіне орай 1 сынып оқушыларымен "Отбасым-бақыт мекенім" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/MSweTFywUij6s3TB/?mibextid=oFDknk>

1-2сынып аралығында “Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” тақырыбына өткізілген сиңип сағаты.

<https://www.facebook.com/share/p/pkKUaXTSo4JAuxSX/?mibextid=oFDknk>

5 - сиңип оқушылары құзгі демалыс уақытында "Өнегелі өмір" атты эссе жазды. Мақсаты: оқушылардың дүниетанымдарын көнектізу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлтжандылықта, қамқорлықта тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/HPLA87rXXjXpMyBp/?mibextid=oFDknk>

"Әдептілік, ар - ұят адамдықтың белгілері" атты сиңип сағаты өткізілді. Оқушыларға жамандықтың зиянын түсіндіріп, одан бойын аулақ салуға үйретіп, тұра жолды- әдептілік, адамгершілік жолын сілтеу.

<https://www.facebook.com/share/p/2rSBpshBMuzWshSD/?mibextid=oFDknk>

23 қыркүйек күні "Еңбек күні" мерекесі қарсаңында және 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес экологиялық-патриоттық тәрбиені қалыптастыру мақсатында «Адал азамат-Адал еңбек» тақырыбында экологиялық сенбілік өткізілді. Сенбілікке мектеп ұжымы мен оқушылары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/DkdQ3Vkeko5iozp2/?mibextid=oFDknk>

25 қыркүйек күні ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы бойынша мектебімізде "Отбасы - бақыт бесігі", "Ата-ана өмірімнің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу" тақырыбында ата-аналармен оффлайн режимінде оқулары өткізілді. Көтерілген мәселелер:

1. Бадаларды әл ауқатты оның бақытты өмірінің негізі.
2. Ата-ананың баланың әл ауқатты на жауапкершілігі.
3. Балалардың жас және әлеуметтік ерекшелігі.
4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.
5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық.

<https://www.facebook.com/share/p/A59Zs5FdaaPyNF1B/?mibextid=oFDknk>

2 қазан күні 3 сиңип оқушыларының қатысуымен "Қарттарым - асыл қазынам" тақырыбында тәрбие сағаты үйимдастырылды. Мерекелік кешке ауылымыздың түгел ата - апаларын шақырдық. Мерекелік кешке шақыру қағаздары таратылып, алыс тұратын апаларға көлік жіберілді. Мерекелік кештен кейін арнайы дастархан жайылды. Ата апаларымызды төл мерекелерімен құттықтап, бата тілектерін алдық. Әрқашан ата-апаларымыз аман есен арамызда жүре берсін, бүлдіршіндердің өнерлерін тамашалауға келе берсін деп тілейміз

<https://www.facebook.com/share/p/wDFPFBWSMaaGFASh/?mibextid=oFDknk>

10 қазан күні Ақсу негізгі мектебінің 8 сиңип оқушысы мектебіміздің президенті Мусина Гульнара "Көтеріңкі көңіл күй - жанға қуат береді" тақырыбында көңіл көтеру жұмысын жүргізді. Іс шараға мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/8qmE4HaaTJKf8TUP/?mibextid=oFDknk>

15.10.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша мектеп ішілік рейт өткізілді. Оқушылардың мектеп формасының сәйкес келуі, оқулықтарының жағдайы және сөмкелерінде артық заттың болмауы тексерілді.

<https://www.facebook.com/share/p/82szejSospLRQK6c/?mibextid=oFDknk>

Ақсу негізгі мектебінде бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында құрылған "Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызыметін ұйымдастыру туралы" тәрбие ісінің менгерушісі Канапин Д.А. жетекшілігімен жалпы мектепшілік ата - аналар жиналышы өткізілді. Бұл педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл- ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата- аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету екендігі толығымен ата - аналарға түсіндірілді.

Сонымен қатар биылғы жылдан бастап мектептерде "Даналық мектеп" клубы қызыметі құрылғып жоспар бойынша жұмыс жасалатыны айтылды. «Даналық мектебі» клубы қызыметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. Құрамына «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» бойынша жұмыс жасайтын болады.

<https://www.facebook.com/share/p/CLBMJfScQPajHf7a/?mibextid=oFDknk>

20.10.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша мектеп ішлік рейт өткізілді. Оқушылардың мектеп формасының сәйкес келуі, оқулықтарының жағдайы және сөмкелерінде артық заттың болмауы тексерілді. Мақсаты: оқушыларды мектеп тәртібіне бағынуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/5MyaBk9q7ch2ocU5/?mibextid=oFDknk>

25 қазан Қазақстан Республикасы күніне орай "Қыран елім-Қазақстаным" атты кітап көрмесі жасалды. Мақсаты: жас ұрпақты патриотизмге, отансұйгіштікке, өз тарихын біліп құрметтеуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/M6ZxjippSpYSU2s1/?mibextid=oFDknk>

26.10.23жылы. Мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың білім дағыларын дамытуға ата-аналардың дайындығы өте зор. 1-ші тоқсан нәтижесінде ата-аналар жиналышын өткіздім. Менің 1-ші сыныбымда 2 оқушы, 2-ші сыныбымда 3 оқушы. Дақ солай 5 ата-ана жиналышқа қатысты. Мен бұл жиналышта ата-аналардан балаларына қатысты сұрақ жауап алғып, алдын ала дайындал қойған сұрағымның жауабымен сәйкестендірдім. Бұл жиналышта сауалнама қойылы, ата-аналармен ойында ойнатылды. Ойындарды жалпы айта кететін болсам, ата-аналар қылған қағаз арасынан өз балаларының көздерін табу және де 1 ата-ана шығып, көзін орамалмен байлап, кедергілер арасынан өтеді, ал қалған ата-аналар артынан демеп кедергілерден алғып шығады. Бұл ойынның мақсаты: "Бірлік пен еңбек, қындықты жеңбек" деген мақалға сай келеді. Ата-анамен мұғалім бірлесіп жұмыс жасаса, қындық тумайды деген үміттемін.

<https://www.facebook.com/share/p/7s1J55qgeWmfFGd6/?mibextid=oFDknk>

08.11.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша "Денсаулық-сенің байлығын" акциясы "Денсаулық-бұл спорт" стендін безендіру.

<https://www.facebook.com/share/p/e1muYjdWPD9qjKjr/?mibextid=oFDknk>

09.11.2023 күні мектебіміздің президенті Мусина Гульнардың өткізуімен оқушылардың көзілін көтеру мақсатында қонырау уақытында сергіту сәтті өткізілді

<https://www.facebook.com/share/p/npqD9c7gsSY5nT2f/?mibextid=oFDknk>

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар аралығындағы оқушылардың ата-аналарына "Білімдігे дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу" тақырыбында ата-аналар жиналышы өтті.

Міндеттері:

1. ата-аналарды отбасында оқушы үшін психологиялық қолайлы орта күргуга ынталандыру;
2. баланың мектепке бейімделуінің мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру;
3. бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларының ерекшеліктерімен таныстыру;
4. баланың танымдық дағдыларын дамыту үшін диагностиканы, тренингтерді, жаттығуларды практикада қолдану дағдыларын дамыту. Үйымдастырған: Бастауыш сынып мұғалімдері.

<https://www.facebook.com/share/p/QxCrxSu8pW6gmv98/?mibextid=oFDknk>

5-6 сынып оқушыларымен "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" атты сынып сағаты өткізілді. Бүгінде мектебімізде балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және соған бағытталған профилактикалық сипаттағы шаралар жиі өткізіліп тұрады, бастысы- тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір.

<https://www.facebook.com/share/p/sHPXeMecRgoFHAxk/?mibextid=oFDknk>

Қараша айында "Еріктілер күніне" орай "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында Ақсу негізгі мектебінің 8-9 сынып оқушылары волонтерлік көмекпен ауыл тұрғынына көмек берді.

<https://www.facebook.com/share/p/DUoVZpJfEU7gPq2d/?mibextid=oFDknk>

14 қараша "Қатігездікісіз балалық шақ" науқаны аясында ата—аналар жиналышы өткізілді. Тақырыбы: "Бала және оның тәрбиесі" Мақсаты: Балаларды қорғау мәселелерін талқылау және дұрыс тәрбие беру жөнінде ойларымен бөлісу.

<https://www.facebook.com/share/p/x5EVfo45hAVQWqqa/?mibextid=oFDknk>

3 сиынп оқушыларының қатысуымен 16 қараша күні "Бала құқығын қорғай" тақырыбында сиынп сағаты ұйымдастырылды. Қөрнекілігі: Зан, тәртіп туралы нақыл сөздер, кітап көрмесі, ҚР Конституциясы.

<https://www.facebook.com/share/p/DKYjVUq6qXgvVJ1b/?mibextid=oFDknk>

1-2сиынп аралығында "Ар ұят және адамгершілік" тақырыбына өткізілген сиынп сағаты.

<https://www.facebook.com/share/p/5QRfnbFNL68KZyr6/?mibextid=oFDknk>

3 сиынп оқушыларының қатысуымен «Көк тудың желбірегені» тақырыбында сиынп сағаты ұйымдастырылды. Балаларға слайд көрсетілді, желтоқсан құрбандары жайлы мағлұмат берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/zqCFnguFMXG8f8TT/?mibextid=oFDknk>

"Тоғыз ай-9 іс-шара" тұжырымдамасы негізінде бұтін 13 желтоқсан күні оқушылар арасында "Менің Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім", "Менің болашағым" тақырыптарында эссе жазуға бағытталған челлендж өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/VTaJ3ba3ARtVSZHF/?mibextid=oFDknk>

16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай "Ұлттық рух-тәуелсіздік тірепі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға тәуелсіздігіміздің қандай жолмен келгенін түсіндіріп, қадірлеуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/yfNxWpyYo3shT86t/?mibextid=oFDknk>

20-24.12.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша "Мейірімге толы жүрек" акциясы өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/GsUnPUBKjARVjUEJ/?mibextid=oFDknk>

22 желтоқсан 7 сиынп оқушыларымен "Сүйцидтың алдын-алу" тақырыбында әнгіме жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/Vfe4jeLnj449hRR/?mibextid=oFDknk>

6 қаңтар "Темекі, электронды сигареттер және нашақорлық зияны" тақырыбында 5-8.сиынп оқушылары арасында әнгіме жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/CSfpdcFNWDqjwiLH/?mibextid=oFDknk>

17 қаңтар онлайн түрде ата- аналармен әнгіме жүргізілді. Тақырыбы: "Қатыгездіксіз балалық шақ". Мақсаты: Ата аналарға балаға мейіріммен қарauғa үйрету. Ең алдымен баламен дос ретінде сөйлесуге дәріптеу. Зорлық- зомбылықсыз, қол көтерусіз бала тәрбиелеу ең дұрыс жол екенін түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/p/LjGbMsaaVdAN6s9W/?mibextid=oFDknk>

26.01.2024 жылы Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Тағыз ай тоғыз іс шара» жобасын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған республикалық «Қазақ есебі» челенджі өткізілді. «Қазақ есебі» математикалық челенджге мектебіміздің 1-9 сиынп оқушылары қатысты. «Қазақ есебі» челенджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкүлұлының авторлық есептерін шешуге арналады.

<https://www.facebook.com/share/p/ahnxp4bKXzyfy7Lu/?mibextid=oFDknk>

15.11.2023ж мектеп парламенті ұйымының жоспары бойынша мектеп ішілік рейт өткізілді. Оқушылардың сөмкелерінде сұық қарудың болмауы,

дәптерлері мен формасы тексерілді. Мақсаты: оқушыларды мектеп тәртібіне бағынуды үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/jdLvpMGxZmky85hG/?mibextid=oFDknk>

Жалпы білім беретін Ақсу негізгі мектебінде “ДОСБОЛЫКЕ” акциясы өткізіліп, барлық сыйыптар ат салысты. Акция барысында оқушылар достық деген ұғымды тереңірек түсініп, адамзат бір-біріне мейірім, қайырымдылық, адамгершілікпен қарау керектігін түсінді.

<https://www.facebook.com/share/p/oUweoist97bWsb4e/?mibextid=oFDknk>

13 ақпан ауған соғысының аяқталуына 35 жыл толғанына байланысты ауылымыздың ауған соғысының ардагері Есімсейтов Ғабит ағамызбен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында ағамыз соғыс кезіндегі оқиғаларды баяндап берді. Оқушыларға бейбіт өмір сұру қаншалықты маңызды екені түсіндірді.

<https://www.facebook.com/share/p/wfFb6DpNjZAPxqKV/?mibextid=oFDknk>

14 ақпан 5 сыйып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Тақырыбы: "Кемсіту мақтаныш емес".

<https://www.facebook.com/share/p/sBumbxYZD128vqah/?mibextid=oFDknk>

25 ақпан суицидтың алдын-алу мақсатында 8 сыйып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға дұрыс жолмен жүру керектігін түсіндіру. Алда болатын қыншылықтарға төтеп беруге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/QHrXoDpVVT4xy3Nk/?mibextid=oFDknk>

27.02.2024жылы. “Ашық сабак”. Мен 27 ақпан күні “Санды бірнеше есе арттыруға және кемітүге берілген есептер” атты математикадан ашық сабағымды жасадым. Мен ашық сабағымды 2-сыныппен өткіздім. 2-сыныбымда 3 оқушы бар.

1. Балгожин Дидар Жұмабекұлы
2. Жаңбыrbай Сақыш Санатұлы
3. Қажығали Інжу Ораққызы

Оқушыларым өте белсенді қатысты. Тақырыптың ішінде жай есеп пен құрмалас есептерді арттыру және кеміту, рим цифрлық есептерді арттыру және кеміту, теңдеулер және сөзді есептер болды. Сонымен қатар, пән аралық байланыс та назардан тыс қалған жоқ жіне де қосымша тапсырмаларды өз деңгейлеріне сай орындағы. Ашық сабағыма барлық мұғалімдер қатысты. Мен мақсатыма жете алдым.

<https://www.facebook.com/share/p/NbEHSiYfb3tohW8T/?mibextid=oFDknk>

29 ақпан құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары бойынша , 8-9 сыйып оқушыларымен тренинг өткізілді. Тақырыбы: "ҚР-ның заны бойынша әлімжеттік, ұрлықтуралы баптарға түсінік беру"

<https://www.facebook.com/share/p/XUGZ922V3M45tmjM/?mibextid=oFDknk>

1 наурыз қуні "Алғыс айту күні" өткізілді. Алғыс айту күнінің мерекелеудің жаңа дәстүрі "Мәңгілік ел" бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мән-мәтінінде Қазақстандық құндылықтарды бейнелейді

<https://www.facebook.com/share/p/nkK9M7H1UMG2FJZZ/?mibextid=oFDknk>

5 наурыз Ақсу негізгі мектебінде "Бұрымды қыз" мектепішілік байқауы өтті. Мектептің 5-9 сыныптың қыздары арасында 8 наурыз- Халықаралық әйелдер күніне арналған "Бұрымды қыз" мектепішілік байқауы өтті. Байқау қыздарға ұмыт болуға айналған ұлттық төл мәдениетіміз бен өнерімізді қайта әкеліп салт-дәстүрді жаңғырту, әсіресе қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әділеттікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Ақылды да ажарлы, дарынды да талантты, бұрымды қыздарды елге таныстыру. Шаштарын үнемі қутіп ұстауға, тазалыққа, тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Қазылар алқасының құрамында мектеп директоры Нургалиева Ж.Е., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Абишева А.К. болды.

Жұлделі орын алған оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/hKw82JqgrhWDYNqt/?mibextid=oFDknk>

3 сынып оқушылары 7 наурыз күні аналары мен әжелеріне арнап құттықтау кешін ұйымдастырды. Балалар сыныпты безендіріп, жасаған құттықтау қағаздарына тәттілерін қоса табысады, және сыныптастыры Жадыраны да мерекесімен құттықтады. Мерекелік кештің мақсаты, оқушыларды сыйластыққа тәрбиелеу, бір біріне деген жылы лебіздерін білдіруге тәрбиелеу болды.

<https://www.facebook.com/share/p/3u5jsDwybuJKUtNU/?mibextid=oFDknk>

11 наурыз 5 сынып оқушыларымен буллиргтің алдын-алу мақсатында әңгіме жүргізілді. Мақсаты: Біреуге қорлық корсетуге болмайтынын түсіндіру. Адамгершілік қасиеттерді жоғары қоюға үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/uD9TYsCgt9P49FX8/?mibextid=oFDknk>

“Аналар” клубы жұмыс жоспарына сәйкес наурыз айында “Қазақ қыздарының шаш ұлгісі туралы не білеміз?” тақырыбында шеберлік сабак ұйымдастырылды.

Аналарымыздың ақыл-кеңесі арқылы қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, жинақылық, сұлулық т.б. жан- жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу.

Аналар қыз балаларды шаш құтімі туралы қызықты ақпараттармен таныстырып, жинақы шаш ұлгілерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/oU6iiMf26GvEHXgX/?mibextid=oFDknk>

2-3 сынып оқушыларының арасында көрісу күніне сынып сағаты ұйымдастырылды. Тақырыбы: Амал келді – Жыл келді. Мақсаты: Көрісу туралы түсінік беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету.

Көрнекілігі: Нақыл, қанатты сөздер, киіз үй, дастархан, суреттер көрмесі.

<https://www.facebook.com/share/p/auisATsq8CZ4kdUR/?mibextid=oFDknk>

12 наурыз Ақсу негізгі мектебінде Мектеп парламентінің Президенті Мусина Гүлнар 5-9 сынып оқушылары арасында «Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі» тақырыбында викториналық сайыс өткізді. Сайыс барысында Абдухашим Сезім белсенділік танытып, жеңіске жетті.

Өткізген мектеп парламентінің Президенті Мусина Г.Е.

<https://www.facebook.com/share/p/bQg3vvp788doBtxX/?mibextid=oFDknk>

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, Наурыз мерекесіне орай "Ақсу негізгі мектебі" КММ-де "қайырымдылық күні" іс-шарасы өткізіліп, зейнеткерлерге көмек көрсетілді, оған мектеп еріктілері қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/TMaatZKpRahY7Mbz/?mibextid=oFDknk>

19 наурыз ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында "Ерте жүктіліктен сақтану ережелері" тақырыбында әңгіме жүргізілді. Мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын-алу.

<https://www.facebook.com/share/p/ytUkYxoLJK8YhBbq/?mibextid=oFDknk>

## 20-НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ» КҮНІ

Дәстүрлі құндылықтарымыздың бірі және бірегейі - ұлттық спорт ойындарымыз. Зерттеулерге сүйенсек, көшпелі қазақ халқының дәстүрлі ұлттық спорт түрлерінің қоржынында 150-ге жақын ойындар бар екен. Атабабамыз ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығымыз бүгінде өз жалғасын табуда.

"Наурызнама" тұжырымдамасының 20-наурыз – «Ұлттық спорт» күні аясында «Қол құрес», «Арқан тартыс» түрлері бойынша "Ұлттық ойындар - рухани байлығымыз" тақырыбында ұлттық ойындарымыз ойнатылды.

<https://www.facebook.com/share/p/TVcPk9pmcWTZRkqV/?mibextid=oFDknk>

Наурыз-көктемнің, табиғаттың жаңаруының халықаралық мерекесі, Жаңа жылдың басталуы, бес мың жылдан астам уақыт бойы атап өтілетін жаңа өмір. Наурыз-қазақтардың да, көптеген халықтардың да басты мерекесі Домбыра - ең сүйікті, ең көп таралған, қасиетті ежелгі дәуірден аныздар қалыптасқан қазақ музыкалық аспабы. Соңдықтан өскелен үрпақ абыроймен жалғастыруы керек домбырада ойнаудың киелі өнер дәстүрлері.

2024 жылғы 20 наурызда сағат 12.00-де Ақсу негізгі мектебінде күйлерді орындау челленджіне қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/nZUShTaGzEjmriUU/?mibextid=oFDknk>

1 сәуір күні "Темекі тартқаның-өзінді құртқаның және есірткі тәуелділік тудыртады". тақырыбында талқылау болды.

<https://www.facebook.com/share/p/zugcjSimnGsspPFY/?mibextid=oFDknk>

2 -сәуір Халықаралық балалар кітабы күні мерекесіне орай "Ертегі-қиял жемісі" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жыл сайын тойланатын кітап мерекесінің басты мақсаты жас оқырмандарды рухани азық көзі -кітап әлемімен таныстыру, балаларды көркем әдебиет оқуға шақыру, адам өміріндегі кітаптың алар орны ерекше екенін түсіндіру.

Кітап көрмесі 1-3 сынып оқушыларына насиҳатталып көрмедегі әдебиеттерге кітапханаши Смаилова Ш. А шолу жасады. Іс-шараға қатысқан оқушылар өздері оқыған ертегілерді, әңгімелерді жарыса баяндалап, бірін-бірі қызықты ертегілер оқуға шақырды

<https://www.facebook.com/share/p/9hqvBVEqQ4M5sZ8X/?mibextid=oFDknk>

12 сәуір 5 сынып оқушыларымен "Діни экстремизм-әлемге төнген қауіп" тақырыбында әңгіме жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/o8zM61BoXnwUguf4/?mibextid=oFDknk>

19 сәуір кәмелетке толмағандар арасында құқық-бұзушылықтың алдын-алу мақсатында әңгіме жүргүзілді.

<https://www.facebook.com/share/p/D5eciEYFhnYm679r/?mibextid=oFDknk>

24 сәуірінде мектеп аумағын тазалау және абаттандыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында мектеп оқушыларымен сенбілік өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/mxoLcwFviqvHwtvy/?mibextid=oFDknk>

"Ынтымақ-достық кепілі" атты сынып сағаты өткізілді.Халықтар арасындағы достықты нығайту, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Біздің елімізде 130 дан астам ұлттар тұрады, біз олармен татумыз, доспыз және бір -бірімізben қоян қолтық өмір сүрудеміз. "Бірлік, ынтымақ, сабырлық ең алдымен өзімізге қазақтарға керек" деп елбасымыз айтқандай көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі Қазақстан халықтарының бірлігі.

<https://www.facebook.com/share/p/xqYo6PkevhMbDnvQ/?mibextid=oFDknk>

Ақсу негізгі мектебіндегі ауылдық кітапханасында Жеңіс күніне арналған "Тірілер еске салсын, ұрпақтар біліп жүрсін" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/uVzCGGdUQ1ue4tik/?mibextid=oFDknk>

1-мамырда 1-3 сынып арасында өткен “Бірлік” күніне орай тәрбие сағаты өтті. Бір Отан астында бірнеше ұлттар өмір сүретініне және түрлі түсті бояулармен “Біз біргеміз” деген халықтардың бірлігі жарасқан ел екеніміздің белгісі ретінде, қолдарының іздерін қалдырды.

<https://www.facebook.com/share/p/fRk4NrfBLAHPDH4p/?mibextid=oFDknk>

Қазақстан залықтарының бірлігі күні Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке, 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан республикасының президенті жарлығы бойынша 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды.

1 мамыр ынтымақ пен бірлік күніне орай "Халықтар достығы күні" тақырыбында іс-шара өткізілді. Оқушылар ән айтып, би билеп өнерлерін көрсетті. Мақсаты: Еліміздегі бейбітшілікті қадірлеуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/p/bkZ7WnrkDPSPHCXE/?mibextid=oFDknk>

"Айгөлек" шағын-орталығында 30.04.24 ж. 1-мамыр күніне орай "Бейбітшілік - ел тілегі" атты мейрам , мерекесі өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/8RtJEQu1MKougeR/?mibextid=oFDknk>

2 мамыр 9 сынып оқушыларына баяндама оқылды Тақырыбы: Нашақорлық-қоғам дерті. Нашақорлық-есірткі заттарға потологиялық дағылану.

<https://www.facebook.com/share/p/wNCwaMZQn3FfmytC/?mibextid=oFDknk>

"Таза Қазақстан" Республикалық акциясына сәйкес "Ақсу негізгі мектебі" КММ мектеп және шағын орталық қызметкерлері мен мектеп оқушылары аумақты жинады!

<https://www.facebook.com/share/p/9JqDWyGd2y3vmPNv/?mibextid=oFDknk>

6 мамыр отан қорғаушылар күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді. Қонаққа Ақсу негізгі мектебінде жұмыс жасайтын ағаларымыз шақырылды. Оқушылар өз өнерлерін паш етті. Мақсаты: Патриоттық сезімдерін ояту.

<https://www.facebook.com/share/p/sJSw8dRN31QsGWzH/?mibextid=oFDknk>

6 мамыр күні сағат 11.00-де "Ақсу негізгі мектебі" КММ-де 9 сынып түлектері қатысқан «Түлектердің ағаш егу» 10 түп қарағай ағашын отырғызды.

<https://www.facebook.com/share/p/uv7UjseLcLRKNve7/?mibextid=oFDknk>

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне байланысты "Ел қорғауға әзірміз" атты сынып сағаты өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/9cxTNfM5tC776Qja/?mibextid=oFDknk>

«7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне» орай «Менің Бақытым – менің Қазақстаным!» тақырыбында 1-2-3 сыныптар арасында отанқорғауши айбынды азаматтардың батылдығы мен ерлігін насиҳаттау мақсатында сынып сағаттары өтті.

9 мамыр – Жеңіс Күні! Мерекені атап өту мақсатында «Ерлігім – елім үшін!» тақырыбында ардагерлердің өмірі мен ерлігін насиҳаттап, жас өрендерді отансүйгіштік, елжандылық пен патриотизмге баулу мақсатында 1-2-3сыныптар арасында сынып сағаттары өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/PcjgEmUTdaQcaJrV/?mibextid=oFDknk>

9 мамыр күні Ақсу ауылында Жеңіс күніне орай ескерткішке گүл шоқтарын қою рәсімі өткізілді. !с-шараға мектеп ұжымы, оқушылар және ауыл тұрғындары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/5wTBzPxX8GgkbHZ3/?mibextid=oFDknk>

5 сынып оқушыларымен Отбасы күніне байланысты "Менің анам" атты отбасылық плакат жасалды.

<https://www.facebook.com/share/p/hkorx6PA22MXjMPB/?mibextid=oFDknk>

12 мамыр зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында 5 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілды. Тақырыбы: "зорлық түрлері". Мақсаты: зорлық түрлерімен таныстыру. Эмоциялық және физикалық түрлерімен таныстыру.

<https://www.facebook.com/share/p/tff43r7Vh8K6LM5B/?mibextid=oFDknk>

15 мамыр күні Ақсу негізгі мектебінде "Менің анам" атты оқушылар арасында суреттер байқауы өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/U9rJdSFDmLB8LPNg/?mibextid=oFDknk>

16 мамыр күні Ақсу негізгі мектебінің 3 сынып оқушыларының қатысуымен Халықаралық отбасы күніне орай "Менің жанұям" тақырыбында суреттер байқауы өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/mLtYPqDyvLdMLAFQ/?mibextid=oFDknk>

16 мамыр Ақсу негізгі мектебінде "Таза бейсенбі" акциясы өтті— бұл мектеп аумағында тазалық пен тәртіпті сақтауға бағытталған бастама, сонымен қатар ол мектептегі тазалық пен тәртіпті сақтауға ғана емес, сонымен қатар экологиялық проблемалардың маңыздылығы мен олардың біздің өмірімізге әсері туралы түсініктерін дамытуға көмектеседі.

<https://www.facebook.com/share/p/cS6JM1xMUS4ykM98/?mibextid=oFDknk>

16.05.2024 ж күні 9 сынып ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысты сынып жетекші Карабаев С.А ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1 25 мамыр соңғы қоңырау салтанатының өткізілуі туралы; 2 Оқушылардың жазғы каникул уақытындағы қауіпсіздігі; Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Нургалиева Ж.Е. 25 мамыр соңғы қоңырау салтанатты шарасының ұйымдастырылуы мен өткізу формасына тоқталып өтті. Соңғы қоңырау салтанатына тек 9 сынып оқушылары мен ата-аналары қатысып, қалған сыныптарда тәрбие сафаты ұйымдастырылатындығына тоқталды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Карабаев С.Ж. жазғы каникул уақытындағы оқушылардың қауіпсіздік ережесіне тоқталып, баланың қауіпсіздігі ортақ екенін айтып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/qn9i9DqyNbbQEzXL/?mibextid=oFDknk>

17 мамыр күні еліміздің олимпиада ойындарына қатысушыларымызды қолдау мақсатында Ақсу негізгі мектебінде 4-5-6 сыныптар арасында эстафеталық ойындар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/FYb59J7n2xTUrZCZ/?mibextid=oFDknk>

18 мамыр күні «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акция аясында мектебіміздің аумағында сенбілік өткіздік.

<https://www.facebook.com/share/p/neaPT67imT7vQU5R/?mibextid=oFDknk>

23 мамыр күні мектебіміздің қызметкерлері “Таза Қазақстан” акциясы аясында бейсенбілікке белсене қатысып, мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/uA97J9L3uo1TMLm/?mibextid=oFDknk>

2024 жылғы 24 мамыр күні «Білімім – Отаным» 3-4 сынып оқушыларына жалпы республикалық бірынғай тәрбие сафаты өтткізілді. Тәрбие сафаты Әнұранмен басталып, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың 2023-2024 оқу жылының аяқталуы қарсаңында еліміздің мектеп оқушыларына арналған ұндеуі тыңдалды. Ұстаздар тәрбие сафатында балалардың жыл бойы оқу-тәрбие үрдісінде алған халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық жетістіктеріне, үлгі істері мен жақсы қасиеттеріне тоқталып, марапаттады.

<https://www.facebook.com/share/p/Q3193i50mgDkAEWE/?mibextid=oFDknk>

7- сынып оқушыларына "Білімім-Отаным" тақырыбында сынып сафаты өтті. Сынып сафатының мақсаты: Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру; Жас үрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүниө-таниямын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту;

Логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шындау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру. Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.

Сынып сафаты мемлекеттік әнұранды айтудан басталып, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың оқу жылының аяқталуына арналған

күттүқтау бейнеролигі көрсетілді. Оқушыларды жылдың қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі де өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/bWAX3UyDt zgUxbeQ/?mibextid=oFDknk>

"Білімім-Отаныма" тақырыбында бірінғай сынып сағаты Ақсу негізгі мектебінің 5 сынып оқушыларымен өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру. Жас үрпақтың танымдық көзқарасын, ой өрісін, дүние-танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту. Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/DqTHk59AV8b9G17k/?mibextid=oFDknk>

"БІЛІМІМ - ОТАНЫМА!" жалпы республикалық бірынғай сынып сағаты өткізілді.

Ақсу негізгі мектебінде 24.05.2024 ж күні 1 сынып жетекшісі Қасымхан Н.А. "БІЛІМІМ - ОТАНЫМА!" тақырыбында сынып сағатын мемлекеттік әнұранды айтудан бастап, оқу жылдың қорытынды сағатын өткізді. Сонымен бірге ҚР Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаевтың мектеп оқушылары мен тұлектері және педагогтер, ата-аналарға оқу жылдың аяқталуына арналған күттүқтау бейнеролигі көрсетілді.

<https://www.facebook.com/share/p/YLjTi4R7MbvkEZbB/?mibextid=oFDknk>

к 4 маусым — мемлекеттік рәміздер күні Мемлекеттік рәміздер –  
Ту,

Елтаңба және Гимн Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабактастықтың жарқын көрінісі.

Бүгінде Мемлекеттік рәміздер төрткүл дүниеге кеңінен танылды. Айбынымызды асырған Мемле-кеттік рәміздерді құрметпен ұлықтау – әр азаматтың парызы. Аталған іс-шараға орай мектеп ұжымы және "Болашақ" жазғы сауықтыру лагерінің оқушылары Мемлекеттік Гимн орындады.

<https://www.facebook.com/share/p/XqKbUKp1REpinu1a/?mibextid=oFDknk>

## **2023-2024 оқу жылында вариативтік компонент сағаттары төмендегідей болінген:**

«Жалпы білім беру үйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курсары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы ( ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

№	Үйірме, секция	Сынып	Оқушылар саны	Қашан өтеді	Үйірме жетекшісі
1	Жаһандық құзыреттілік	5-9	23	Бейсенбі 7 сабак	Кақжанова Ж.А
2	Дінтану	9	4	Бейсенбі	Кақжанова Ж.А

3	Қызықты математика	4	6	Сәрсенбі	Смаилова Л.К
4	Көркем жазу	1	8	Сейсенбі	Қасымхан Н.А
5	Жылдам оқу, оңай оқу	2	4	Сейсенбі	Қасымхан Н.А
6	Логика әлемі	3	5	Дүйсенбі	Карабаева Э.М
7	Асық	1-9	40	Жұма	Карабаев С.Ж
8	Қазақ күресі	2-9	18	Жұма 18:00	Карабаев С.Ж
9	Футзал (секция)	5-9	23	Бейсенбі 18:00	Карабаев С.Ж
10	«Домбыра» үйірмесі	5-9	23	Сәрсенбі	Акпаев Н.Е
11	Би үйірмесі	1-5	12	Сәрсенбі	Қасымхан Н.А

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу.**

2023-2024 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар, 5- 8 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрады және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. І жартыжылдық бойынша тақырыптардың күндері берілді.

№	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1	10.10	27.10.	12.09.2023	26.09.2023	11.09.2023	08.09.2023	13.09.2023	07.09.2023	07.09.2023
2	28.10	17.11	03.10.2023	24.10.2023	19.09.2023	26.09.2023	19.09.2023	28.09.2023	27.09.2023
3	19.12	22.12	07.11.2023	28.11.2023	06.10.2023	13.10.2023	04.10.2023	05.10.2023	05.10.2023
4	27.02	26.01	16.01.2024	19.12.2023	20.10.2023	10.11.2023	20.10.2023	19.10.2023	06.09.2023
5	19.03	15.03	09.04.2024	23.01.2024	14.11.2023	28.11.2023	07.11.2023	07.11.2023	27.11.2023
6	21.05	26.04	30.04.2024	06.02.2024	11.12.2023	05.12.2023	17.11.2023	24.11.2023	04.12.2023
7				20.02.2024	19.12.2023	22.12.2023	13.12.2023	12.12.2023	28.12.2023
8				19.03.2024	09.01.2024	08.01.2024	26.12.2023	28.12.2023	22.01.2023
9				16.04.2024	29.01.2024	30.01.2024	09.01.2024	16.01.2024	19.02.2023
10				21.05.2024	13.02.2024	19.02.2024	31.01.2024	26.01.2024	11.03.2023

11					23.02.2024	27.02.2024	21.02.2024	22.02.2024	01.04.2024
12					01.03.2024	15.03.2024	05.03.2024	15.03.2024	18.04.2024
13					19.03.2024	08.04.2024	03.04.2024	09.04.2024	29.04.2024
14					12.04.2024	22.04.2024	24.04.2024	23.04.2024	08.05.2024
15					20.04.2024	17.05.2024	14.05.2024	23.05.2024	23.05.2024

**2023-2024 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау § 25 тармақ, §239 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §248 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан беріледі. Жолда жүру ережелері «Күнделік» электронды журналында ҚББ парақшасында орналасқан. Бастауыш буын және орта буын деп 2 топқа бөлінді. Кестеге 1 жартыжылдық сабактар күндері енгізілді:**

<b>№</b>	<b>1-сын</b>	<b>2-сын</b>	<b>3 сын</b>	<b>4-сын</b>	<b>5-сын</b>	<b>6-сын</b>	<b>7-сын</b>	<b>8-сын</b>
1	11.09	11.09	11.09	11.09	08.09	08.09	08.09	01.09
2	16.10	16.10	02.10	02.10	06.10	06.10	06.10	13.10
3	18.12	04.03	11.12	11.12	10.11	10.11	10.11	17.11
4	04.03	15.04	04.03	04.03	01.12	08.12	08.12	01.12
5	29.04	29.04	08.04	01.04	12.01	12.01	19.01	19.01
6	24.05	20.05	06.05	06.05	02.02	09.02	09.02	02.02
7					15.03	15.03	15.03	01.03
8					19.04	12.04	12.04	05.04
9					26.04	26.04	26.04	26.04
10					10.05	17.05	17.05	24.05

#### **(ЖЖЕ өткізілген мерзімдері қоса беріледі)**

Спорт секциясына баратын балалардың саны бойынша деректер (2023-2024 оқу жылы):

<b>Спорт секциясының атау</b>	<b>Білім алушылар саны</b>		<b>Барлығы</b>
	<b>Бастауыш мектеп</b>	<b>Негізгі мектеп</b>	
Футбол		25	25

<b>Спорт секциясының атау</b>	<b>Білім алушылар саны</b>		<b>Барлығы</b>
	<b>Бастауыш мектеп</b>	<b>Негізгі мектеп</b>	

Қазақша курес		12	12
---------------	--	----	----

Спорт секциясының атау	Білім алушылар саны		Барлығы
	<i>Бастауыш мектеп</i>	<i>Негізгі мектеп</i>	
Теннис	15	23	38